

Әдіскерлердің облыстық әдістемелік бірлестігінің төрайымы

«Бекітемін»
Көлік көмегі

Көлік қолдесінің директордың м.а.

2020 ж.

Семей қ., 2020 ж

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қашықтықтан өткізілетін Мемлекетаралық ғылыми-практикалық конференция оқытушылардың облыстық әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспарына сай ұйымдастырылды.

1.1. Осы Ереже толық конференцияның (бұдан әрі - Конференция) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушыларын, қатысушыларын марапаттауды анықтайды.

1.2. Ғылыми-практикалық конференцияның ұйымдастырушысы:

- «Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы» КММ
- «Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы КММ»;
- Әдіскерлердің ОӘБ.

1.3. Өтетін күні: 15 мамыр 2020 жыл.

1.4. Өткізу орны: «Көлік колледжі» КМҚК, Семей қаласы, Қ. Мұхамедханов көшесі, 42.

1.5. Қатысу формасы: қашықтықтан.

1.6. Конференцияға оқытушылардың жетекшілігімен оқу-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын колледж студенттері қатыса алады. Білім беру мекемесінен жұмыс саны 3 қатысушыдан аспайды. Әрбір қатысушы тек бір жұмыс ғана ұсына алады. Бір жетекшінің әр секцияда бір мақаладан артық емес беруге мүмкіндігі бар.

1.7. Конференцияның жұмыс тілдері мемлекеттік және орыс.

1.7. Конференция аясында келесі бағыттар бойынша секциялар жұмысы жоспарлануда:

- Жеңіс жолында
- Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі техника
- Мен майданда болған жоқпын, бірақ білемін....
- Соғыс құрбандары естелігіне лайық болайық!

2. КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты: ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты - шығармашыл және дарынды жастардың ізденушілік, оқу-танымдық және зерттеу қызметін жандандыру, ТЖКББ жүйесі студенттерінің патриоттық тәрбиесіне ықпал ету.

2.2. Міндеттері:

- оқушы жастарды кәсіби бағдарлау, оқушылардың ғылыми-зерттеу, жобалау, шығармашылық қызметке бейімділігі мен қызығушылығын ерте ашу;
- зерттелетін мәселелерге қызығушылығын дамыту мен ынталандыру және білімді тереңдету;
- көпшілік алдында шығып сөйлеу дағдыларын дамыту;
- ғылыми-зерттеу қызметі аясындағы қол жеткізген жетістіктерімен, алған тәжірибелерімен, ақпараттарымен алмасу, конференцияға қатысушылардың арасында шығармашылық байланыс орнату.

3. КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

Ұйымдастыру комитеті:

- конференцияны өткізу ережесі мен тәртібін әзірлейді;
- білім беру мекемелеріне конференция өткізілетіні туралы хабарлайды;
- конференцияны ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

-конференция қорытындысы және қатысушыларды марапаттау туралы ақпарат дайындайды.

4. БАЯНДАМАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1. Жалпы талаптар:

Қағаз тасымалдағыштағы баяндаманың көлемі А4 форматында 3-тен 10 бетке дейін болуы тиіс. Баяндаманың (сондай-ақ сөз сөйлеудің) басында іздестіру-зерттеу немесе ғылыми-зерттеу жұмысының қандай әдістері пайдаланылғанын, ақпарат көздерін, ал соңында нәтижелер мен өз қорытындыларын көрсету қажет.

Конференцияға ұсынылатын материал бұрын жарияланбаған түпнұсқа болуы тиіс, ұсынылған секция тақырыбына сәйкес келуі тиіс. Тақырыптық сәйкессіздік туралы шешімді ұйымдастыру комитеті қабылдай алады.

Жұмыстың бірегейлігін бағалау кемінде 50% болуы тиіс. Егер жұмыстың түпнұсқалық бағасы 50%-дан кем болса, онда конкурстық материал конференцияға қатысуға жіберілмейді (шеттен алып пайдалану пайызы 50%-дан аспауы тиіс).

Жұмыстарды талдау ақпаратты іздеу мен өңдеудің мамандандырылған жүйесі негізінде жүргізіледі.

4.2. Материалдарды рәсімдеу ережелері:

Баяндамалар және таныстырылымдар ұйымдастыру комитетіне электрондық нұсқада ұсынылады. Электрондық нұсқада ұсынылған баяндама А4 форматында 4 беттен аспайтын тезис түрінде болу керек.

Мәтін Word мәтіндік редакторында Times New Roman қарпімен (жоларалық интервал – 1, қаріп өлшемі – 14, барлық өрістері 25 мм), жолдың ені бойынша тураланып және міндетті түрде автоматты тасымалды орнатумен терілуі тиіс. Абзацтың басында шегініс стандартты (1,27).

Баяндама атауы: Times New Roman, кегль 14 пт., бас әріптермен, ортамен түзету (1-қосымшаны қараңыз).

Автор мен жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты: Times New Roman, кегль 14 пт., кіші әріптермен, курсив, ортамен түзету.

Суреттер: *.jpg форматында орындалады және тікелей мәтінге қойылады.

Сурет астындағы жазбалар: Times New Roman, кегль 12 пт., ортамен түзету.

Мәтіндегі математикалық символдар мен белгілер: Times New Roman, кегль 14 пт., курсив.

Формулалар Microsoft Equation редакторында теріледі.

Әдебиет: «Әдебиет» сөзі - Times New Roman, кегль 12 пт., жартылай қою, жол қалдырмай. Дереккөздер тізімі нөмірленген тізім форматында библиографиялық жазбаларды рәсімдеудің жалпы ережелері бойынша орындалады.

5. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

5.1. Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне талаптарға сәйкес өтінім жіберу қажет (2- қосымшаны қараңыз).

Қатысушылар делегацияларының конференция өтетін жерге және кері жол жүру жөніндегі шығыстары - іссапарға жіберуші ұйым есебінен. Ұйымдастыру комитеті басқа қалалардан келген қатысушылар үшін қонақ үйлерді брондауға және түскі ас ұйымдастыруға көмек көрсете алады.

Конференцияға қатысуға **өтінім және баяндаманың электронды мәтіні** тезис түрінде **4 бет** көлемінде электрондық пошта skt_metod@mail.ru арқылы 2020 ж. **11 мамырдан кешіктірілмей** жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген материалдар жинаққа кірмейді.

Баяндамаларды дайындау, мазмұны және баспа материалдарын ресімдеу сауаттылығы бойынша жауапкершілік білім алушы мен ғылыми жетекшіге жүктеледі.

5.2. Өтінімді тіркеу туралы ақпаратты телефондар арқылы алуға болады: колледждің әдістемелік кабинеті, әдіскер Куандыкова Айжан Болатжановна, тел. **8 (7222) 56-79-23, 87759987272, 87088903481.**

6. МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ

№	Негізгі өлшемдер
1	Жұмыстың өзектілігі мен практикалық маңыздылығы
2	Түпнұсқалық. Мәселе бойынша өз көзқарастары мен тұжырымдарының болуы
3	Жұмыс тақырыбының мазмұнына сәйкестігі
4	Әдебиет пен нақты материалды зерттеу тереңдігі
5	Жеке зерттеу деректерін пайдалану
6	Таныстырылымдық материалдың сапасы
7	Материалды баяндаудың айқындығы мен қол жетімділігі. Жұмыстың құрылымдылығы

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Конференция қорытындысы бойынша қатысушылар сертификаттарымен және олардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Конференция жұмысының нәтижесі бойынша баяндамалардың электронды жинағы жарияланады.

Тезистерді рәсімдеу үлгісі:

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(бос жол)

Иванов Евгений

(бос жол)

*Жетекшісі Хлоповская М.В.**ағылшын тілі оқытушысы**Семей қ. «Көлік колледжі» КМҚК*

(бос жол)

Мәтін, мәтін, мәтін.....

2-қосымша

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған
«Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ» атты студенттердің оқу – зерттеу
және жобалау жұмыстарының қашықтықтан өткізілетін
мемлекетаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға
тіркеу формасы (өтінім)

Оқу орнының толық атауы, мекенжайы	
Оқу орнының тел/факс, E-mail	
Қатысушының тегі, аты – жөні (толық)	
Ғылыми жетекшінің тегі, аты-жөні (толық), ұялы тел.нөмірі	
Баяндама тақырыбы	
Таңдалған секция	